



**БҰЙРЫҚ**

2024 жыл 2.09

Зеренді ащыны

**ПРИКАЗ**

№ 272

село Зеренда

**Оқушылардың тамақтануын  
ұйымдастыру туралы**

Жаңа 2024-2025 оқу жылының басталуына байланысты, балаларды оқуға толық қамту үшін қажетті жағдайларды жасау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп директорлары барлық санитарлық нормаларды сақтау арқылы ыстық тамақтандыруды ұйымдастырсын.
2. Ыстық тамақтандыруды 100 пайыз көрсеткішпен ұйымдастырсын.
3. Акмола облыстық мәслихаты сессиясының 2023 жылғы 11 сәуірдегі №8С-2-2 шешімін орындау мақсатында, 1-ші сыныптан 4-ші сыныпқа дейінгі оқушылар тегін ыстық тамақпен қамтылсын.
4. Жағдайы төмен отбасыларынан шыққан оқушыларының тамақтануы жалпы білім қорының есебінен қаржыландырылсын, басқа балалардың тамақтануы үшін ата-аналар мен демеушілердің көмегімен ұйымдастырылсын.
5. Мектеп директорының бұйрығымен оқушылардың тамақтануының есебін жүргізетін және өз уақытында аудандық білім бөліміне тамақтану туралы есепті ұсынатын тұлға тағайындалсын.
6. Мектеп директорлары жауапты тұлға оқушыларды тегін тамақтанумен қамту туралы мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес, құжаттарды тапсыру үрдісін ұйымдастыруын қамтамасыз етсін.
7. Бұйрықты мектеп директорларының назарына жеткізу білім бөлімінің бас маманы Н.Рахимжановқа жүктелсін.
8. Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

**Басшы**



**Д.Кенжеболатова**